

дің сен туралы, сіз туралы, сен жайында бірде табыс септігінде жалғанып, бірде ондай сөздерге табыс септігінің жалғауларын жалғауға болмайтындығы жағы айқындалады.

Х.Арғынов, Ш.Х.Сарыбаев «туралы, жайында, жөнінде» шылаулары өзінен бұрынғы сөздердің атау тұлғасында тұруын қажет етсе, ал Н.Сауранбаев, Ғ.Әбуханов ондай шылаулы сөздер тек толықтаушы сөздермен келеді деп олардың синтаксистік жағын негізге алады. [4;125]

Ондай қатысты сөздер толықтаушының қай түрі болатындығы туралы проф. Р.Әміров «туралы, жөнінде» сөздері табыс септігінде түйдекті жұмсалатындығын көрсеткен.

Проф. М.Балақаев ондай түйдекті тіркестердің етістікке қатыстылығы туралы былай деген: «Тура толықтаушы шылау сөз арқылы да айтылады деген пікірді біз де қолдаймыз. Ол қатысты объекті мынадай бірнеше етістіктермен тіркесе алады: ойлау, айту, баяндау, хабарлау, жариялау» т.б.

Ал іс қағаздары тілінде қолданылатын қабыса байланысқан анықтаушының қатынаста жұмсалатын тек

«туралы» шылауы ғана. Негізінде туралы шылауы да қимылмен тіркесіп, объектілік қатынаста жұмсала алады. Бірақ «жөнінде, жайында» шылауларына қарағанда нөлдік тұлғада жұмсалыуына байланыста тіркесу аясы кең. Олар тек толықтаушы қызметінде ғана емес, қимыл есімдермен қабыса байланысқан сөз тіркестерін құрайды.

Сөйтіп, объектілік қатынастағы сөз тіркестерінің синонимдігі – қазіргі қазақ тілінде бар және дамып келе жатқан құбылыс. Оның жасалу мүмкіндіктері мол.

Сөз тіркестері синонимдерінің күннен-күнге дамып, өсіп келе жатқанын, күнделікті қатынаста зор пайдасы барын атап айтуға тура келеді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Шәукенов Қ. «Синтаксис» Алматы – 1996.
2. Қазақ тілінің грамматикасы I бөлім Алматы -1995.
3. М. Серғалиев «Етістікті сөз тіркестерінің синонимиясы» Алматы -1991.
4. Қазақстан жоғары мектебі 2002 ж. №2
5. Қазақ тілі мен әдебиеті 2000 ж. № 6

#### Әбдібекова Ұ.Т.

Сұлтан Баймағамбетов атындағы мектеп-гимназиясы, Әуликөл ауданы

### **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – ҚАЗАҚТЫҢ РУХАНИ КӨСЕМІ**

Бір басында сан-салалы өнер тоғысқан, телегей-теңіз энциклопедиялық білім иесі, қайшылығы мол тартысты ғұмырында қараңғы қалың елін жарқын болашаққа сүйреуден басқа бақыт бар деп білмеген ірі тұлға, халықтың «рухани көсемі». (Мұхтар Әуезов)

А.Байтұрсынов 1873 жылы Торғай облысы, Торғай уезінде Тосын болысында туған, сүйегі Арғын, оның ішінде Үмбетей болады. Бергідегі аталары Үмбетейден шыққан Шошақ, Ахаң Шошақтың немересі. Өз әкесінің аты-Байтұрсын.

Табиғатынан аса дарынды туған талапты бала Ахмет 1882-1884 жылдары әуелі көзі қарақты адамдардан өз үйінде хат танып, артынан жақын жердегі ауыл мектебінен сауат ашады да, 1886-1891 жылдары Торғай қаласындағы екі класты орысша-қазақша училищеде, 1891-1895 жылдары Орынбордағы мұғалімдік мектепте оқып, білім алады. 1895 жылдың 1-маусымынан бастап мұғалім болады. Ақтобе, Қостанай, Қарқаралы атырабында бала оқытады, өмір, тіршілік күресіне араласады, әділет үшін күреседі, жуандарға, байларға қарсылық

білдіреді, патшаның отаршылдық саясатын айыптайды. Ауылдық, болыстық, кейін екі класты мектептерде ұстаз бола жүріп, 1901 жылдан бастап қолы бос кездерде өзі ізденіп, сан алуан кітаптар оқиды, әдебиетпен айналысады, оқу құралдарын жазады, аударма жасайды, өлең-жыр тудырады, фольклор нұсқаларын жинайды. Ел ішінде жас, оқыған, еркін мінезді батыл ойшылдың бедел-атағы өсе бастайды.

Ахмет салған әдебиеттегі елшілік ұраны «Қырық мысал», «Маса» еңбектері.

Бұрынғы ескі ертегі, хикая үлгілері емес, енді жаңа өлеңдік форма мысал арқылы, көшпелі елдің жақсы білетін стихиясы-жан-жануар өмірінен алынған шығармалары арқылы әлеуметтік ойға ықпал ету мақсатымен Иван Андреевич Крылов туындыларын аударып, «Қырық мысал» деген атпен 1909 жылы Петербургта бастырып шығарды. Алуан-алуан ойға жетелейтін «Қайырымды түлкі», «Ала қойлар», «Үлес», «Қартайған арыстан», «Өгіз бен бақа», «Қайыршы мен Қыдыр», «Ат пен есек» мысалдарында әлеуметтік-қоғамдық жағдайларды мезгейтін оқиғалар, адамдар психологиясымен сарындас әуездер, тағылымды, ғибратты тұжырымдар мол орын алған. Аудармашы негізгі түпнұсқа тексіне орайластырып, көркем ойға ой, суретке сурет қосып, пікірді ұштап, аңа сарын-әуез қосып отырады. «Қартайған арыстан» мысалына:

*Бақ қонса, сыйлар алаш ағайын да,  
Келе алмас жаман батып маңайында.*

*Басыңнан бақыт құсы ұшқан күні  
Құл-құтан басынады, малайың да,-* деген жалғасты түйін жасайды. Бірнеше кісі тіл таба алмай, берекесі кетіп, өртке шалдығып, үлестен құр қалады. Осы «Үлес» өлеңінің түйінінде ақын өз позициясын ашық көрсетіп:

*Ойласақ уақиға емес болмайтұғын,*

*Ел қайда өзін жаудан қорғайтұғын.*

*Қазіргі пайдасына бәрі жетік,  
Адам өз алдын қарап болжайтұғын.*

*Аңдыған бірін – бірі жаудан жаман*

*Ойласам, ел белгісі оңбайтұғын.*

*Бұл белгі табылып жүр біздің жұрттан*

*Таласы бір – бірінің жүзін жыртықан.*

*Алданып арадағы дау – шарына*

*Қатерден қапері жоқ, келер сырттан,-* деп, терең маңызы бар әлеуметтік ой толғайды.

«Маса» кітабына енген өлеңдерде жеке бастың мұң – шері тұрмыс – салт суреті емес, негізінен әлеуметтік, қоғамдық ойлар, азаматтық идеялар айтылады. Өзін-өзі күйттеген, байлық үшін, мансап үшін ар – абыройын сатқан «жақсылығы өз басынан артылмаған», «бос белбеу, босаң туған боз бала», «бір тойғанын ар қылмаған шалдар», «қайырсыз кеше сараң байлар» сыналады. «Қазақ қалпы», «Қазақ салты», «Туысыма» өлеңдерінде ұлы Абай сатирасын еске түсіретін сарындар, ойлар, образдар бар. «Анама хат», «Жауға түскен жан сөзі» - қорлық-зорлыққа мойымаған, бостандық, еркіндік жолында бәріне көнген қайратты ерлер тұлғасын мүсіндеген жырлар. «Масада» Пушкиннен аударылған «Қыздыр дейсің мәжілісті, жан дейсің», «Ат», «Данышпан Аликтің атасы», «Балықшы мен балық», «Алтын әтеш», Крыловтан аударылған «Сорлы болған мұжық», «Қаздар» шығармалары да берілген.

*Қинамайды абақтыға жапқаны,*

*Қиын емес дарға асқаны, атқаны*

*Маған ауыр осылардың бәрінен*

*Өз ауылымның иттері үріп қапқаны,-* деген жолдарда өз уақытының сыры айтылса:

*Тән көмілер, көмілмес еткен ісім*

*Ойлайтындар мен емес бір күнгі-сін*

*Жұрт ұқпаса, ұқпасын, жабықпаймын*

*Ел бүгіншіл менікі ертеңгі үшін,-*

деген уақытта ақын болашақпен сырласқандай, өлместігіне сенеді.

А.Байтұрсыновтың ғалым-теоретик, эстетик-сыншы тұлғасын айқындап беретін күрделі, толымды, жаңашыл туындысы Ташкентте 1926 жылы «Әдебиет танытқыш» деген атпен басылған. Шумақ түрлері, өлең айшықтары, тармақ толғаулары, бунақ, буындар, тармақ кезеңдері, ұйқастар – осы тектес өлеңтаным категориялары да «Әдебиет танытқышта» жасалды. Қазақ әдебиетінің өзіне тән жанрлық формаларын топтап, жіктеп берудегі ғалым даналығына таң қаласың.

1929 жылы 5 майда А.Байтұрсыновтың «Тіл құрал» еңбегі жарыққа шықты.

«Тіл құралы» оқулығы «Сөз басы», «Тіл мүшелері», «Сөйлеу мен сөйлем», «Сөйлем мен сөз», «Буын мен дыбыс», «Сөз тұлғалары», «Жұрнақтар», «Атауыш сөздер», «Шылау сөздер», «Тасымал» бөлімдерінен тұрады. Әрбір ұғымға анықтама берілген, мысалдар келтірілген, «Сынау» деген айдармен түрлі жаттығу тапсырмалар ұсынылады.

Осындай тілдік ұғымдарға берілген анықтамалардың дәлдігі, ғылыми тереңдігі түрлі категорияларды сұрыптаған, жіктеген кезде, оларға қазақша термин, атау берген кездерде тіпті айқын көрінеді. Қазіргі қазақ тілі ғылымының түп азық ойлары тіпті әріде жатқанын, оларды бірінші болып А.Байтұрсынов тұжырымдаған.

Надандықпен күресіп, патша үкіметінің әділетсіз үкім – зорлығымен күресіп, Крылов деген орыстың жазушысының 40 мысалын қазақ тіліне аударды. Ол 40 мысалдың әрқайсысына сол патша заманының әділсіз тұрмысынан алып, қазаққа патша үкіметінің істейтін жәбірлігін айтып, өзінен мысалдар келтірді. Қазақ халқының арын, намысын жоқтап, «Маса» есімді өлең кітаптарын жазып шығарды.

Одан соң Орынборда «Қазақ» деген газетті шығарды. Қазақтың бастауыш мектептеріне арнап «Оқу һәм тіл құралдарын» жазып шығарды. Жалпы байлардың құлдығында жүрген жарлылардың ғана арын, намысын жоқтамаса да, жалпы байларға оқ атып, жалпы жарлылардың таяғын соқпаса да, Ахметтің халыққа бұл істеген қызметтері зор қызмет. Бұл қызметінің әсіресе көзге көрінетіндігі сол, өзге оқыған замандастары өз бастарының пайдасын ғана іздеп, ар һәм имандарын сатып жүргенде, Ахмет халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін бір басын бәйгеге тіккен.

1913 жылы «Қазақтың» тұңғыш саны шыққанда, газет редакторы А.Байтұрсынов былай деп жазған:

«...Өзіміздің елімізді сақтау үшін, бізге мәдениетке, оқуға ұмтылу керек. Ол үшін ең алдымен әдебиет тілін өркендету керек. Өз алдына ел болуға, өзінің тілі, әдебиеті бар ел ғана жарай алатындығын біз ұмытпауға тиіспіз. Осы күні орыс школы мен татар мектептерінде оқып шыққандар қазақ тілін елеусіз қылып, хат жазса өзге тілде жазып, қазақ тілінен алстап барады. Егер тілге осы көзбен қарасақ, табиғат заңына бағынбай, біздің ата – бабаларымыз мың жасамаса, ол уақытта тілмен де, сол тілге ие болған қазақ ұлтымен де мәңгі қоштасқанымыз деп білу керек. Егер оны істегіміз келмесе осы бастан тіл, әдебиет жұмысын қолға алып, өркендететін уақытымыз жетті».

А. Байтұрсынов қазақ тілін оқыту әдістемесінің де ірге тасын қалаушы болып саналады, сонымен әдебиеттану ғылымының да негізін салушы ол Ыбырай, Абайдан бергі жазба әдебиетінің үлгілерін зерттейді. Соның нәтижесінде 1926 жылы «Әдебиет танытуыш» деген еңбегін жариялады. Сонымен бірге, қазіргі әдебиетталуға сіңген кейіптеу, бейнелеу әсірелеу, шешендістіру, дамыту, түйдентеу... сияқты атаулар да соныкі. Қазақ әдебиетінің өзіне тән жанрлар

түрлерін жіктеген Ахмет өлең айшықтары, шумақ, тармақ түрлері, ұйқас түрлері сияқты өлеңтану теориясын жасады.

1925-1931 жылдар ішінде Қазақстанды басқарған Ф.И. Голощекин Қазақстан кеңестік өзгерістерден тыс қалған деп санап, «Кіші Октябрь» төңкерісін жүргізу саматың ұсынады. Халықты ашаршылыққа ұшыратты. Қазақ зиялыларының көпшілігі оны қолдаған жоқ. Голощекин өзіне қарсының білдіргендерді «Ұлтшыл» деп жариялап олардың көзін жоюды қолға алды. А. Байтұрсынов қара тізімге ілінген отыз адамның басы болып, 1929 жылы 2 маусымда тұтқынға алынды, оралған ол 1937 жылы 8 қазан күні қайта ұсталып, 8 желтоқсанда атылды.

А. Байтұрсынов – қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар дарынды оның, өз бетін танытқан мысалшы, қазақ тілінің әліппесі мен оқулықтарының авторы, жанашыл ағартушы, Араб графикасына негізделген қазақ жазуын жаңартушы. А. Байтұрсынов шығармашылығы XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиетінің даму тарихындығы биік белес болып қала бермек. Мәңгі жадымызда Ахмет ата.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Дулатов М. А. Байтұрсынов Кітапта. Шығармалары. Алматы, 1991.
2. Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынов Алматы, «Білім қоғамы» 1991.
3. Мырзағалиев К. XIX ғ. Екінші жартысындағы қазақ әдебиеті Алматы «Рауан» баспасы 1998.

**Беркенова Б.Б.**, магистрант

Костанайский государственный университет им.А.Байтұрсынова

#### **ФОРМИРОВАНИЕ СТРУКТУРНО-СЕМАНТИЧЕСКИХ СВОЙСТВ ФРАЗЕОЛОГИЗМОВ**

Русский язык - это национальный язык русского народа, обладающего богатейшими демократическими и революционными традициями, высочайшей культурой. Это язык строителей нового общества, о котором веками мечтали лучшие умы человечества. Это язык современной науки, техники и культуры. Русский язык в наше время - связующее звено между народами бывшего Советского пространства с людьми всей планеты. Русское слово - это голос мира, страстный призыв к равенству, братству и дружбе всех народов, во имя мира и социального прогресса.

Целью данной статьи является теоретическое осмысление существующих фразеологизмов в русской речи, их особой роли и назначении, при этом одной из главных задач поставим определение существующего разделения фразеологизмов на типы

по степени семантической слитности их компонентов.

Структурно-семантические свойства фразеологизмов, различающие их типы, формируются, как правило, в процессе переосмысления исходных сочетаний слов в целом или хотя бы одного из лексических компонентов сочетания. В первом случае образуются фразеологизмы, обладающие слитным значением (или свойством идиоматичности). Слитное значение может быть образным или безобразным и неразложимо на значения их лексических компонентов: смотреть сквозь пальцы, видал виды, курам на смех, отлегло от сердца. Во втором - у переосмысляемого слова формируется фразеологически связанное значение, которое способно реализоваться только в сочетании с определенным словом или с рядом слов, что приводит к образованию устойчивых словесных